

**"Қызылорда облысының жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесін белгілеу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы N 300 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2008 жылғы 29 қаңтардағы N 51 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 ақпанда N 4200 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 25 сәуірдегі N 103 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 25.04.2013 N 103 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексінің 300-бабына және 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 19-бабының 5-тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 8-тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Қызылорда облысындағы жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау Ережесін белгілеу туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 30 маусымдағы N 300 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 4160 нөмірімен тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2006 жылғы 22 шілдедегі N 150-151 сандарында жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімдегі "облысындағы" деген сөз "облысының елді мекендеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған шешімнің қосымшасында: "облысындағы" деген сөз "облысының елді мекендеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

Ереженің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы ереже Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" кодексіне, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді";

Ереженің 4-тармағы "тиіс." деген сөзден кейін "(4-қосымша)" деген сөзбен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

Ереженің 7-тармағы "беру;" деген сөзден кейін "(2, 3-қосымшалар)" деген сөзбен толықтырылсын;

Ереженің 8-тармағы "жүргізіледі." деген сөзден кейін "(1-қосымша)" деген сөзбен толықтырылсын;

Ережеге 1, 2, 3, 4-қосымшаларда "облысындағы" деген сөз "облысының елді мекендеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың кезектен  
тыс сессиясының төрағасы Ә. Әбдіхалықова  
Қызылорда облыстық  
мәслихатының хатшысы Н. Құдайбергенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК